



ХҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2024-149-4-240-251>

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін моңғол сөздерінің семантикасы

Қ.К. Кенжалин^{id}, Д.Ә. Балтабай^{id}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kenkk@mail.ru, baltabayev.dosjan@mail.ru)

Аңдатпа. Тарихи шығармалардың, жыр-дастандардың лексикалық қабатын лингвистикалық аспектіде зерделеу тілдің қалыптасу тарихын, дамуын айқындауда маңызды рөл атқарады. Осы маңыздылық ескеріліп, XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі зерттеудің нысаны ретінде қарастырылды. Яғни мақалада аталмыш шежіре тілінде кездесетін моңғол сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері, олардың түркі тілдеріндегі қолданысы зерделенеді. Шежіренің лексикалық қабатында түркі, моңғол элементтерінен өзге араб, парсы сөздері де мол кездеседі. Тарихи тіл білімінде моңғолизмдердің түркі тілдеріне енуі, тарихи қалыптасуына байланысты ғылыми пікірлер әлі де болса гипотезалық деңгейде қарастырылып келеді. Зерттеу барысында моңғол элементтері салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талданып, түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы мағыналық ортақтықтар мен айырмашылықтар айқындалады. Сондай-ақ зерттеу мақалада «Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі шырай, даруға, құрылтай, шешен сөздеріне лексика-семантикалық талдау жасалады. Талданып отырған сөздердің ауыспалы не тура мағынадағы қолданысы, түркі және моңғол тілдері арасындағы фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері зерттеледі. Мақаланың ғылыми маңыздылығын арттыру мақсатында түркі және моңғол тілдеріндегі афоризмдерден, мақал-мәтелдерден мысалдар беріледі. Моңғол элементтерінің этимологиясын айқындауда алтайтанушы, түркітанушы ғалымдардың ғылыми-теориялық тұжырымдар мен пікірлері сарапталады. «Шежіре-и теракиме» шығармасында кездесетін тілдік бірліктерді семантикалық, этимологиялық жағынан талдау шағатай жазба тілі мен қазақ тілінің арасындағы тарихи сабақтастықты айқындауға негіз болады. Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін моңғол сөздерін лексика-семантикалық тұрғыдан саралап, этимологиясын айқындау.

Түйін сөздер: Шежіре-и теракиме, этимология, моңғолизмдер, семантика, лексика, түркі тілдері.

Түсті: 05.03.2024; Мақұлданды: 16.10.2024; Онлайн қолжетімді: 25.12.2024

Кіріспе

Түркі-моңғол тіл бірлестігінің табиғатын зерделеу, түркі және моңғол тілдері арасындағы генетикалық туыстықты, өзара қарым-қатынасты, бір-біріне тигізген ықпал-әсерін айқындау проблемасы алтайтану бағытындағы зерттеулердің негізгі өзегін құрайды. Алтай тілдерінің фонологиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ортақтықтар мен ұқсастықтардың табиғатын айқындау мәселесінде түркі және моңғол тілдері бойынша жинақталған аса мол эмпирикалық материалдарды алтайтанушы лингвистер өздерінің ғылыми көзқарастарын дәйектеудің өзегіне айналдырды. Оның басты себебін түркі және моңғол халықтарының этномәдени және тілдік байланыстарының тарихы Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтардың этногенезімен, этникалық мәдениетінің тарихымен тығыз байланыста болғандығымен, түркі және моңғол халықтарының ғасырлар бойғы тарихы, этномәдени байланыстарының маңыздылығымен түсіндіре аламыз.

Түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды сол тілдегі әдеби мұралар мен тарихи еңбектер тілінен де, қазіргі және көне лексикалық қабатындағы тілдік бірліктерді салыстыру арқылы да анық байқаймыз. Соның негізінде зерттеу мақалада Әбілғазы Баһадүрдің ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі нысан етіп алынды. «Шежіре-и теракиме» – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. XVII ғасырда шағатай жазба тілінде жазылған бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Аталмыш шежіре түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып саналады. Қолжазба мәтін орта ғасырлық еңбек болғандықтан лексикалық қабатынан көне түркі элементтерімен қоса араб, парсы, моңғол сөздерін мол кездестіруімізге болады. Руникалық жазба ескерткіштер, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері туралы деректер тіл мамандары үшін құнды материал екені белгілі. Мұндай жазбалар әдеби түркі тілдерінің тарихы туралы, сондай-ақ көне түркі тілінің негізінде қалыптасқан қазақ тілі туралы да құнды мәліметтер береді [1, 7 б.].

Түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздерге қатысты ғалым И.Н.Щербацидзе мынадай категорияларды көрсетеді: 1) төркіндестүбірлер; 2) түркі тілінен моңғол тіліне енген көне және орта ғасырлық кірме сөздер; 3) түркі тілдеріндегі моңғолизмдер [2, 60 б.]. Осындай тілдік категориялар ескеріліп, «Шежіре-и теракиме» мәтіндегі моңғолизмдерге этимологиялық талдаулар жүргізіліп, тіл бірліктерінің тарихи қалыптасуы негізінде фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістеріне назар аударылды.

Зерттеу әдістері

Мақаланың зерттеу нысаны болып «Шежіре-и теракиме» еңбегінің Т (Ташкент) нұсқасы басшылыққа алынды. Қолжазба нұсқа Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Шығыстану институты, Ташкент қолжазбалар жинағында (№ 171, инв. № 1522/V) сақтаулы [3, 25 б.]. Аталған нұсқаның транскрипциясын жасаған түрік ғалымы

– З.К.Өлмес. Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі шағатай жазба тілінде жазылған орта ғасырлық еңбек. Шежіре мәтінінде көне түркілік элементтерімен бірге араб, парсы, моңғол сөздері кездесіп отырады. Сондай-ақ мақалада түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі және моңғол тілдері арасындағы лексикалық ортақтықтар мен айырмашылықтар сараланады. Сонымен қатар сөздердің этимологиясын анықтауда «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15-томдық), «Древнетюркский словарь», Э.В.Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков», Б.Базылханның «Монгол-казах толь» сөздіктері қолданылды.

Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін моңғол сөздерін лексика-семантикалық тұрғыдан саралап, этимологиясын айқындау. Зерттеу барысында семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы және анализдеу секілді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Түркі-моңғол тілдерінде кездесетін ортақ элементтердің барлығын дерлік кірме сөздер деп қарастыруымызға болмайды. Мұндай ортақ лексикалық бірліктердің саны мол және олар белгілі бір дыбыстық, грамматикалық заңдылықтар бойынша қалыптасқан. Бұл мәселені зерделеуде тарихи тіл біліміндегі ортақ түбір тақырыбына соқпай кете алмаймыз. Көне сөздік қорда бар түбір сөздердің, есімдіктердің, сын есімдердің, етістіктер мен еліктеуіш сөздердің бір тілден екінші бір тілге ауысу қабілеті аз болып келеді. Осы секілді өтімсіз тілдік бірліктердің моңғол, қазақ тілдерінде, көнерген сөздер құрамында жиі ұшырасып отыруы – қазақ тілі мен моңғол тілі арасында генетикалық жақындықтың бар екенін байқатып та отырады.

Біз нысан етіп алған «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін моңғолдық элементтердің бірі – *çıray* «шырай, жүз». Мысалы: *Ol hem uluğ yurt bolur kişisiniñ çırayı Hindu teg qara bolur* (Ол жер үлкен бір мемлекет еді, адамдарының шырайы, жүзі Үнді секілді қара еді) [3, 132 б.]. Аталмыш сөздің қазіргі моңғол тілінде царай тұлғасы кездеседі: царай (адам) шырай, көрік, ажар, жүз, өң-түс, әлпет, түр, кейіп; царайлағ шырайлы, көрікті, ажарлы, келбетті, нұрлы, кейіпті [4, 677 б.]. Ғалым Э.Н.Наджип көне түркі руна жазуларында, көне ұйғыр жазбаларында, М. Қашғари сөздігінде және «Құтты білік» дастанында шырай сөзінің кездеспейтіндігін жазады. Ғалым сондай-ақ «Монгольский словарь Мукаддимат ал-адаб» (1938) сөздігінде чырай «лицо» мағынасын беретіндігін көрсетеді: *чытұк чырай бирлә сөз сөйләди* – жүзін тыржита отырып сөз сөйледі [5, 336 б.]. «Хосрау и Ширин» еңбегіндегі чырай сөзінің қолданысы: *Чырайың қылма кәзғу бирлә сәрығ* (Не заставляй желтеть свое лицо в горе) [5, 336 б.]. Қазіргі ұйғыр тілінде *чирай* «жүз, шырай», өзбек тілінде *чирой* «әдемілік», қазақ тілінде шырай «жүз, шырай», қырғыз тілінде *чырай* «бет әлпеті», татар тілінде *чырай* «жүз, шырай», башқұрт тілінде сырай «жүз көрсету», ноғай тілінде *шырай* «сыртқы түр, келбет», қарашай-балқар тілінде *чырайлы* «әдемі», құмық тілінде чырай «жүз, шырай», тува тілінде *шырай* «бет», алтай тілдерінде *чырай* «бет әлпеті», хакас тілінде сырай «жүз, шырай» мағыналарын білдіреді [5, 336 б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15-томдық) *шырай* сөзі «адамның көркі, өңі, ажары»

деген заттық мағынаны, *шырайлы* «көрікті, келбетті, иманжүзді, әдемі» деген сындық мағынаны білдіретіндігі жазылған. Мысалы: *Қызда қылық болмаса, Құр шырайдан не пайда. Ерге дәулет бітпесе, Шүлдіреген қызыл тілден не пайда* (Бұқар жырау, Шығ.) [5, 585 б.]. Қазіргі қазақ тіліндегі *шырай* сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер: *жақтырмаған шырай танытты* (біреудің ісін, сөйлеген сөзін ұнатпағанын бет-әлпеті арқылы тыжырынып білдіреді), *жылы шырай берді* (мейірімділік көрсетті, өңін жылытты), *қызыл шырай* (алма бет, шырайы шыққан әдемі қыз), *шырайы жылы* (жүзі жылы, иманды, мейірімді) т.б [6, 584 б.]. *Шырайдың* түркі жазба ескерткіштерінде кездеспейтіндігін ескерсек, моңғол тілдерінен түркі тілдеріне өткен лексикалық бірлік ретінде қарастыруымызға негіз бар.

Шежіре мәтінінде кездесетін моңғол элементтерінің бірі – *daruğa* «даруға, қолбасшы». Мысалы: *Divān Isfahānnī daruğalıqını sevdiğernī atığa bitip, mühr qılıp qoliğa berdi* (Диуан (мәжіліс) Исфահанның даруғалығын саудагердің атына жазып, мөрлеп қолына берді) [3, 143 б.]. Неміс ғалымы Г.Дёрфер *даруғаны* моңғол тілдерінен түркі тілдеріне енген сөз деп көрсетеді: *داروغة daruğa gouverneur, im auftrage des Herrschers seiner Tätigkeit obliegender Bezirks oder Stadtkommandant* (Губернатордың тапсырмасы бойынша өз міндеттерін орындайтын қолбасшы, аудандық немесе қалалық комендант) ← *wmmo. daruğa id* [7, 322 б.]. Қазіргі моңғол тілінде *дарга* «бастық», «басшы» мағынасын, *даргала-х* етістігі «бастау», «басшылық ету», «басқару» мағынасын білдіреді [4, 177 б.]. Қазіргі қазақ тілінде «билеуші», «басқарушы» мағынасын танытатын *даруға* тарихи сөздер қатарынан орын алған. Мысалы: Бір даруғаның халқы патшаға қарсы болып ереуілдеп жатса, екінші *даруғаның* халқы оларға бұғалықты бірге тастасып жүреді (Ә.Кекілбаев, Елең-алаң); Қай *даруғада* қанша тарлан бар екенін санады (Ә.Кекілбаев, Елең-алаң). *Даруғабек* – Орта Азиядағы хандықтарда орта ғасырларда қолданылған, ханның жеке иеліктеріндегі өкілінің лауазымы [8, 507 б.]. *Даруғашы* – ханның қаладағы мирасқор әкімі. Мысалы: Екіншісі – Қоқан *даруғашы* Ләшкәрдің ақылы бойынша құшбегінің арнаулы шақыруымен пілге шатыр тігіп, кілең қаракөк арғымақ мінген, Қоқан ханы Мәделіхан келген (І.Есенберлин, Қаһар) [8, 507 б.].

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін *quraltay* «құрылтай» – моңғол тілінен енген сөз. Шежіре мәтініндегі қолданылу мысалы: *Siz altı oğulnı her biringizdin tört oğul bolup, barçası yigirmi tört padişāhzāde bolup siz altıñızdın başqa men andın qorqa turur men dūnyelik üçün ağızlarınız ala bolur tip Kün Hān Irqıl Hācenīñ sözini qabul qılıp uluğ quraltay qıldı* («Алты ұлдың әр қайсынан туған төрт ұл, жиырма төрт падишахзаде болып, дүние үшін таласып араз бола ма деп қорқамын» деген Ырқыл Қажының сөзін Күн Хан қабыл қылып, үлкен құрылтай жасады) [3, 151 б.]. Моңғол және түрік халықтарына тән *құрылтай* сөзі қазіргі қазақ тілінде «ұлы жиын» мағынасында қолданылады. Моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі «құрылтай» мағынасын береді. *Құру, құрау* тұйық етістіктерінің түбірі де осы – *құр* сөзі. *Құру, құрау* етістіктері *мәжіліс құру, дүние құрау* т.б. тіркестер құрамында келіп, әлденені жиюды, жинауды, топтандыруды білдіреді. Моңғол тіліндегі *хураак* етістігі «құрау» етістігімен сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі *құрыл* сөзі мен моңғол тіліндегі *хурал* сөзінің мағыналық өзгешелігі: бірі – етістік, бірі – зат есім. Моңғол тілінде *хурал* сөзіне *-даан* жұрнағы жалғанып «құрылтай», «мәжіліс», «кеңес» деген мағынадағы

хурадаан сөзі туындаған [9, 142 б.]. Бұл мысалдардан моңғол тіліндегі хуралдаан сөзі тілімізге аз ғана тұлғалық өзгеріске түсіп, құрылтай сөзі болып енгенін байқауымызға болады.

Моңғол тілінде хурал сөзі екі түрлі түбір тұлғасында қолданылады: 1) құрылыс, жиналыс: *≈ хийх* құрыл істеу, жиналыс істеу; *≈ аар хэлэлцэх* жиналыста сөйлесу, жиналыста талқылау; *≈ ын тэргүүлэгчид* жиналыс басқармалары; *≈ хуй* мәслихат, мәжіліс, кеңес; *намын* партия жиналысы; *их* *≈ ұлы* құрыл, жоғарғы жиналыс, съезд; *бага* *≈ кіші* құрыл, құрылтай, конференция, өкілдер құрылтайы; *бугд* *≈ пленум*; *≈ нээх* құрыл ашу, жиналыс ашу; *≈ хээх* құрыл жабу, жиналыс жабу; *≈ тарах* жиналыс тарау; 2) (діни) жұма намаз жиыны, жұман намаз оқу [4, 629 б.]. Сонымен бірге хурал сөзімен түбірлес сөздерді моңғол тіліндегі паремиялардан да кездестіре аламыз: *Зүү хураавал сүх болдог, сүх хураавал сүм болдог* (посл.) (Егер ине жинасаңыз, балта жасайсыз, егер балта жинасаңыз, онда сарай соғасыз). Берілген мысалда хураавал сөзі «жинау» мәнінде қолданылып тұр [10, 117 б.].

Неміс ғалымы Г.Дёрфер *құра-* етістігіне қатысты мынадай тұжырым келтіреді: «*құра-* интенсивной формой от *қур-* «собирать» но он же оспаривает связь монг. *quri* – «собирать», тюрк. *құра-* с тюрк *қур-* «строить натягивать (лук)». Монг. (и другие) *параллели к құра*» [11, 544-545 б.]. Ал ғалым Г.Рамстедт келесідей гипотеза жасайды: «*қир., сарт., шор qura-* заимствованием из монг. языков *quri - ja - > qura -*, а монг. **quri**, *qura* – «собираться» сравнивает с тюрк. *қир* – «устраивать» [12, 198 б.]. Сондай-ақ ғалым Г.Дёрфер құрылтай сөзін *quraltay* < *мо. meclis* «мәжіліс», *uluğ quriltay* «үлкен құрылтай», «жиын» мағынасындағы моңғол элементі деп таниды [7, 435 б.]. «Көне түркі сөздігінде» *quriltaj* сөзінің «народное собрание» мағынасы берілген: *Оғуз қаған улуғ quriltaj қақірді* [13, 468 б.]. Жоғарыда келтірілген ғылыми-теориялық, гипотезалық пікірлерді сараптай отырып, түркі және моңғол тілдеріне ортақ құрылтай сөзінің түркі тілдеріне моңғол тілдері арқылы енген деп тұжырымдауға болады.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15-томдық) *құрылтай* сөзінің мынадай семантикалық мағынасы берілген: а) *тар.* Түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі; ә) XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылған жиын; б) *ресми.* Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан секілді Орта Азия елдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органы; в) *саяси.* <орысша съезд> партиялардың, қозғалыстардың т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы бас қосу жиылысы [14, 433 б.]. Қорыта келе, *quraltay/құрылтай/хурадаан* тұлғаларының семантикалық мағынасы бір, түбірі *-құр>-құра>-хурал* туындағанын көруімізге болады.

Шежіре мәтінінде кездесетін моңғол тілдік бірліктерінің бірі – *çeçen* «шешен». Мысалы: *Ol aqıllı ve toғuşlı ve mirgen çeçen hünерli her maqāmğa ve her yolğa yörümekni bile turған ve hanğa inaқ boldu* (Ол ақылды мерген, дана, шешен, сөзшең, қай жерге баратынын да жақсы білетін ақылды адам болды) [3, 191 б.]. Ғалым Б.Базылханның «Монгол-казах толь» сөздігінде қазіргі моңғол тіліндегі *цэцэн* сөзінің келесідей мағыналары берілген: а) Сөзге шешен, тілмар, ұста, шебер; *≈ хун* шешен адам; *≈ цэлмэн* *≈ мерген* шешен, тақуа, шешен сөзуар; *≈ үг* шешендік сөз, мақал сөз, нақыл сөз; *≈ үг цээжинд, цэцэг навч ууланд* шешендік сөзі басында, гүл-бәйшешек тауында (мақал); ә) ауыс. тиетін, тигіш, түзу (мылтық) [4, 700 б.].

Көне моңғол тілі мен қазіргі моңғол тілінің лексикалық қабатында қаншама өзгерістер болса да, көне тұлғалы *цэцэн* сөзінің лексика-фонетикалық ерекшелігі ешбір өзгеріссіз сақталған. *Цэцэн* сөзі «умный, мудрый» (дана, ақылды) мағынасында моңғол паремияларында жиі кездеседі: *Их инээд эцэстээ нулимстай цэцэн* (Сильный смех приводит в конце к мудрым слезам) (Көп күлген бір жылайды) [10, 58 б.].

Неміс ғалымы Г.Дёрфер *сецеп* сөзін «ақылды, данышпан» мағынасын беретін моңғолизм ретінде танып, *сецеп* сөзінің *сечен* формасы да бар екендігін көрсетеді [7, 332 б.]. Ал қазіргі қазақ тілінде аталмыш сөздің *шешен* формасы жиі қолданылады: а) Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам; ә) Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды, шебер сөйлеуші адам; б) Би, ділмар; Қазақтар сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін адамды *сөзге, тілге шешен* деп, ал сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілікті *шешендік* деп атайды. *Шешендік* сөз – қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем, әрі шағын дидактикалық жанр; ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз [6, 356 б.].

Түркі тілдерінде, атап айтқанда, өзбек тілінде *чечан* сөзі «неге болса да ұста, шебер» деген мағынаны білдірсе, тува тілінде *чечен* «әдемі», «көркем» мағынасында қолданылады. Сондай-ақ алтай, якут, тува тілдерінде *чечен//сасан* сөзінің «дәл тигізетін мерген» мағынасы кездеседі. Ал моңғол тілдерінде *сэсэрхүү, сэсэрхэхэ* сөзі «ақылымен, тапқырлығымен мақтану», «шешенсу», «данышпансу» деген мәнде жұмсалады. Дәл осы мағынада қырғыз, алтай, якут тілдерінде *чечерке, сасаарга (чечээр + гээр)* тұлғасы қолданыста бар [15, 222 б.]. Якут тіліндегі *сасанна* «әңгіме айту», *сасаннас* «әңгімелесу, сөйлесу» деген мағынада қолданылады [16, 2177 б.].

Ғалым Б.Ә.Орузбаева қырғыз тіліндегі *чечерке* сөзін моңғол тілінен ауысқан сөз деген тұжырым айтады [17, 126 б.]. Яғни *шешен* сөзі – *шеш (чеч, сас, цас, цэц)* түбірі мен қосымшасынан тұратын түрік, моңғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. *Шешен* сөзінің түркі тілдеріне енуі, мағынасының тұрақталуы Шыңғысхан жорықтары кезінен басталуы мүмкін. Себебі түркі тілдерінің сөздік қорын қамтыған М.Қашғаридің «Диван Лугат ат-Турк» (XI ғ.) сөздігінде *шешен, цэцэн, сэсэн, сосон* тұлғалы сөздер кездеспейді. Аталмыш сөздікте шешендікке, ділмарлыққа, сөйлеу өнеріне қатысты түркі халықтарында «силик ер» сөзі кездеседі: *силик ер* – өткір тілді, ділмар. Сонымен бірге М.Қашғари сөздігінде «оқымысты», «ақылды» мағынасын білдіруде *билик* сөзі берілген [18, 369-402 б.]. Түркі тілдерінде *цэцэн, сэсэн* сөздерімен қатар *сеч* тұлғалы түбір сөз бар. *Сеч* сөзі мен *цэцэн* сөзінің түбірі ортақ болуы мүмкін, яғни семантикалық байланыс бар. Қазіргі түрік, гагауз, әзірбайжан тілдерінде *сеч* «различать» (ажырату, айыру, таңдап-талғау) мағыналарын білдіреді [19, 268 б.].

Бурят тілі паремияларында *сэсэн* сөзі «ақылды», «данышпан» мағынасында қолданылады: *сэсэн хүнэй тархи, уран хүнэй хурган* – у мудреца – голова, у портного-пальцы (мақал) (шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ); *сэсэн үгэ сээжэдэ, сэсэг набша уулада* – мудрое слово – в груди, цветы и зелень – в горах (мақал) (даналық – кеудеде, гүл мен көк – тауда) [20, 221 б.]. Тұжырымдай келе, талдауға түскен *цэцэн* сөзінің түпкі түбірі *шеш (чеч, сас, цас, цэц)* болуы ықтимал және «тану, білу, дәл айту, таңдау, іріктеу» деген семантикалық мағыналарды білдіреді.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін моңғол тілдік бірліктерін лексика-семантикалық тұрғыдан талдау, олардың этимологиясын анықтау, сөйлеу тіліндегі және паремиялар құрамындағы қолданылу аясын зерделеу түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы тарихи байланысты айқындауға мол мүмкіндік береді. Алтайтану бағытындағы зерттеулер бойынша түркі тілдері мен моңғол тілдері бір негізден тараған. Олай тұжырым жасаудың басты себебі – екі тілдік топ арасында ортақ түбірлердің көптігі, ондағы семантикалық жақындықтың мол болуы. Түркі және моңғол тілдеріндегі тілдік элементтердің араласып сіңісуінде, ортақ түбірлердің қалыптасуында мынадай екі фактор басшылыққа алынады: генеологиялық байланыс және тіларалық лексикалық ауыс-түйістің болуы.

Түркі тілдес халықтар, олардың тілдерінде көнеден келе жатқан жазба дәстүр қалыптасқан [21, 10 б.]. Шағатай жазба дәстүріне негізделген тарихи жәдігерлер мен қолжазба еңбектер жайлы деректерді Қазақ хандығы тұсында жазылған дереккөздерден де мол кездестіруімізге болады [22, 71 б.]. Қазіргі таңда түркі лексикологиясындағы маңызды мәселелердің бірі – әрбір тілге синхронды және диахронды жақтан кешенді талдаулар жүргізу. Қазіргі лингвистика ғылымында тіл мен мәдениет, тіл мен саясат, тіл мен таным, тіл мен этнос мәселелеріне басымдық берілсе, тарихи лексикологияда жазба ескерткіштердің тілін зерделеу ісі айрықша маңызға, мәнге ие [23, 85 б.].

Зерттеу барысында талданған моңғолдық элементтер жайлы мынадай тұжырымдарды ұсынамыз: шежіре мәтінінде кездесетін шырай, көрік, ажар, жүз, өң-түс, әлпет, түр, кейіп мағынасында *шырай* сөзі – моңғол тілінен түркі тілдеріне енген сөз. Ғалым Э.Н.Наджиб көне түркі руна жазуларында, көне ұйғыр жазбаларында, М. Қашғари сөздігінде және «Құтты білік» дастанында *шырай* сөзінің кездеспейтіндігін жазады. Ғалым сондай-ақ «Монгольский словарь Мукаддимат ал-адаб» (1938) сөздігінде *чырай* «лицо» мағынасын беретіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар шежіреде кездесетін *даруға* – түркі тілдеріне моңғол тілдерінен енген сөз. Бұл жайлы неміс ғалымы Г.Дёрфер де өз еңбектерінде атап өтеді: *داروغه dāruḡa gouverneur, im auftrage des Herrschers seiner Tätigkeit obliegender Bezirks oder Stadtkommandant* (Губернатордың тапсырмасы бойынша өз міндеттерін орындайтын қолбасшы, аудандық немесе қалалық комендант) ← *wmmo. daruḡa id* [7, 322 б.]. Қазіргі моңғол тіліндегі «бастық», «басшы» мағынасындағы *дарга*, «бастау», «басшылық ету», «басқару» мағынасындағы *даргала-х* етістігі қазақ тілінде «билеуші», «басқарушы» мағынасын білдіретін *даруға* сөзімен бір екендігін байқау қиынға соқпайды.

Шежіре мәтініндегі *құрылтай* сөзі түркі тілдерінде «ұлы жиын» мағынасын білдірсе, моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі «құрылтай, жиын» мағынасын береді. Құру, құрау тұйық етістіктерінің түбірі де осы – *құр* сөзі. Қазақ тіліндегі *құрыл* сөзі мен моңғол тіліндегі *хурал* сөзінің мағыналық өзгешелігі: бірі – етістік, бірі – зат есім. Моңғол тілінде *хурал* сөзіне *-даан* жұрнағы жалғанып «құрылтай», «мәжіліс», «кеңес» деген мағынадағы *хурадаан* сөзі туындаған. Демек моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі тілімізге аз ғана тұлғалық өзгеріске түсіп, *құрылтай* болып енген деген тұжырым жасаймыз. Сондай-ақ шежіре мәтініндегі кездесетін *шешен* сөзі – *шеш* (*чеч, сас, цас, цац*) түбірі мен қосымшасынан

тұратын түрік, моңғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. *Шешен* сөзінің түркі тілдеріне енуі, мағынасының тұрақталуы Шыңғысхан жорықтары кезінен басталады. Оған түркі тілдерінің сөздік қорын қамтыған М.Қашғаридің «Диван Лугат ат-Турк» (XI ғ.) сөздігінде *шешен, цэцэн, сэсэн, сосон* тұлғалы сөздердің кездеспейтіндігі негіз бола алады.

Қорытынды

Түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы тілдік байланыс, ондағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды саралауда лингвистикалық зерттеулердің алатын орны аса зор. Зерттеу мақаланың нысаны болған Әбілғазы Баһадүрдің ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі түркі халықтары жайлы, олардың тарихы, мәдениеті, этнографиясы, фольклоры, тіпті ономастикалық атаулары жайлы көп деректерді қамтиды. Қолжазба еңбектің мәтіні түркі, араб, парсы, моңғол тілдік бірліктерінен тұрады. XVII ғасырда шағатай жазба тілі негізінде жарық көрген аталмыш шежіре түркі тілдерінің тарихы үшін, әсіресе, көне түркілік элементтер мол сақталған қазіргі қазақ тілі тілінің тарихи даму сатысын саралауда құнды материал болып саналады.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі лексикалық қоры жағынан қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Шежіре мәтініндегі тілдік бірліктердің дыбыстық, морфологиялық құрылымы жағынан түркі тілдеріне, атап айтқанда, қазақ тіліне жақындығы ескеріліп, зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде алынды. Қолжазба мәтіндегі араб, парсы, моңғол элементтері әлі де болсын семантикалық тұрғыдан, этимологиялық жағынан жіті зерттеулерді талап етері анық. Зерттеу мақалада талдауға түскен *шырай, даруға, құрылтай, шешен* сөздерінің түп төркінін анықтау қазақ тілі сөздік қорының тарихи дамуын зерделеуде маңызды саналады. Мақалада аталмыш сөздердің лексика-семантикалық қыры сараланып, түркі және моңғол тілдері арасындағы ортақтықтар мен айырмашылықтар сөз болды. Сонымен бірге аталған сөздердің түркі және моңғол тілдеріне қатыстылығы, олардың паремиялардағы қолданысы айқындалды. Алтайтану, түркітану ғылымында зертеуші ғалымдардың ғылыми-теориялық гипотезалары келтірілді. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген деректер тарихи грамматика, салыстырмалы тіл білімі салаларының дамуына айтарлықтай үлесін қоса алады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР22687210 ««Шежіре-и теракиме» еңбегінің этимологиялық тезаурус сөздігі» гранттық жобасы аясында жазылды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Д.А. Балтабай – әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

Қ.К. Кенжалин – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1. Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic wrtitten monuments // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. – 2023. №3. Б. 7-19.
2. Щербацидзе И.Н. Фрагмент общетюркской лексики (заимствованный фонда) // Вопросы языкознания. – Москва, 1983. – С. 60.
3. Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: «Şafak Matbaacılık», 1996. – 559 s.
4. Базылхан Б. Монгол-казах толь. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.
5. Наджип Э. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века на материале «Хосрау и Ширин» Кутба, Книга II. – Астана: Ғылым, 2017. – 384 с.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құрст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақ, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 15. – 828 б.
7. Doerfer Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen I. – Wiesbaden, 1963. – P. 557.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 4. – 752 б.
9. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2014. – Т. 6. – 239 б.
10. Кульганек И.В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – 184 с.
11. Doerfer Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. III. – Wiesbaden, 1967. – P. 255.
12. Ramstedt G.J. Kalmückisches Wörterbuch. – Helsinki, 1935. – P. 560.
13. Древнетюркский словарь / Ред. Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю. – Л., 1969. – 715 с.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құраст. Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Қ – М. – Алматы, 2011. – Т. 10. – 752 б.
15. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1996. – 240 б.
16. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. – М., 1959. – Т. 2 (2). – 2508 с.
17. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе, 1964. – 200 с.
18. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы, 2005. – 1288 с.
19. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С» / Авт. Сл. Статей Благова Г.Ф., Левитская Л.С., Дыбо А.В., Насилов Д.М., Поцелуевский Е.А. – М., 2003. – 474 с.
20. Шагдаров Л.Д., Черемисов К.М. Бурятско-русский словарь. - Улан-Удэ, 2008. - Т. 2: О-Я. – 708 с.
21. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled – 2020. №12 (4). pp. 1-11.
22. Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşim. The Old Kazakh written language // Ural-Altai Studies – 2020. №4 (39). pp. 71-76.

23. Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research) // International Journal of Society, Cultural & Language. – 2021. №9 (2). – P. 85-97.

References

1. Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic wrtitten monuments, Eurazia gumanitarlyq instituty Habarsysy [Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute], 3, 7-19 (2023).
2. Sherbashidze I.N. Fragment obshchetyurkskoi leksiki (zaimstvovannyi fonda) [Fragment of common Turkic vocabulary (borrowed from the foundation)], Voprosy iazykoznanii [Questions of linguistics], 60 (1983). [in Russian]
3. Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). («Şafak Matbaacılık», Ankara, 1996, 559 p.) [in Turkish]
4. Bazykhan B. Mongol-kazah tol [Mongol-Kazakh only]. (Ulaanbaatar-Ölgi, 1984, 885 p.). [in Kazakh]
5. Najip E. Istoriko-sravnitel'nyu slovar' tyurkskikh eazykov XIV veka na materiale "Khosaru i Shirin" Kutba, Kniga II [Historical and comparative Dictionary of the 14th century Turkic languages based on the material of Khosrau and Shirin by Qutb, Book II] (Gylm, Astana, 2017, 384 p.). [in Russian]
6. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language], Qurast.: A.Zhanabekova, T.Zhanuzaq, B.Abilqasymov zhane t.b. (Almaty, 2011, Vol. 15, 828 p.) [in Kazakh]
7. Doerfer Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen I. (Wiesbaden, 1963, 557 p.). [in German]
8. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language], Qurast.: N.Ashimbaeva, Q.Rysbergenova, Zh.Mankeeva zhane t.b. (Almaty, 2011, Vol. 4, 752 p.). [in Kazakh]
9. Qaidar A. Gylymdagy gumyr. Qazaq tili etimologiasynyn gylymi-teorialyq negizderi [Life in science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language] (Almaty, 2014, Vol. 6. 239 p.). [in Kazakh]
10. Kulganek I.V. Mongol'skie poslovisy i pogovorki. Issledovanie, perevod, komentari [Mongolian proverbs and sayings. Research, translation, commentary] (Peterburgskoe Vostokovedenie, SPb., 2017, 184 p.). [in Russian]
11. Doerfer Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. III. (Wiesbaden, 1967, 255 p.). [in German]
12. Ramstedt G.J. Kalmückisches Wörterbuch. (Helsinki, 1935, 560 p.). [in German]
13. Drevnetyurkski slovar' [Ancient Turkic Dictionary], Red. Nadelaev V.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Sherbak A.M., Borovkova T.A., Dmitrieva L.V., Zyrin A.A., Kormushin I.V., Letagina N.I., Tugusheva L.Yu. (L., 1969, 715 p.). [in Russian]
14. Qazaq adebi tilinin sozdigi. [Dictionary of the Kazakh literary language], Qurast. Malbaqov M., Omgarbaeva N., Uderbaev A. zhane t.b. – Q – M. (Almaty, 2011, Vol. 10, 752 p.). [in Kazakh]
15. Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Ş. Qazaq tilinin qysqasha etimologiyalyq sozdigi [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, 1996, 240 p.). [in Kazakh]
16. Pekarski E.K. Slovar' yakutskogo yazyka [Dictionary of the Yakut language] (M., 1959, Vol. 2 (2), 2508 p.). [in Russian]
17. Oruzbaeva B.O. Slovoobrazovanie v kirgizskom yazyke [Word formation in the Kyrgyz language] (Frunze, 1964, 200 p.). [in Russian]
18. Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk [Divan Lugat at-Turk]/ Perevod, predislovie i komentarii Z.-A. M. Auezovoi. Indeksy sostavleny R. Ermersom (Almaty, 2005, 1288 p.). [in Russian]

19. Etimologicheski slovar' tyurkskih yazykov: Obshetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvy «L», «M», «N», «P», «S» [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases for the letters "L", "M", "N", "P", "S"], Avt. Sl. Statei Blagova G.F., Levitskaia L.S., Dybo A.V., Nasilov D.M., Potseluevski E.A. (Moscow, 2003, 474 p.). [in Russian]

20. Şagdarov L.D., Cheremisov K.M. Buryatsko-ruski slovar' [Buryat-Russian dictionary] (Ulan-Ude, 2008, Vol. 2: O-Ya, 708 p.). [in Russian]

21. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12 (4), 1-11 (2020).

22. Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşim. The Old Kazakh written language // Ural-Altai Studies, 4 (39), 71-76 (2020).

23. Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research), International Journal of Society, Cultural & Language, 9 (2), 85-97 (2021).

К.К. Кенжалин, Д.А. Балтабай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Семантика монгольских слов, встречающихся в труде «Шежире-и теракиме»

Аннотация. Изучение лексического слоя исторических произведений, поэм в лингвистическом аспекте играет важную роль в определении истории становления, развития языка. Учитывая это значение, в качестве объекта исследования рассматривалась работа Абульгазы Бахадур хана «Шежире-и теракиме», написанная в XVII веке. То есть в статье рассматриваются лексико-семантические особенности монгольских слов, встречающиеся в произведении, их употребление в тюркских языках. В его лексическом слое, помимо тюркских, монгольских элементов, встречаются арабские и персидские слова. В историческом языкознании до сих пор на гипотетическом уровне рассматриваются научные взгляды, связанные с историческим становлением, проникновением монголизмов в тюркские языки. В ходе исследования были проанализированы монгольские элементы с сравнительно-исторической точки зрения, выявлены семантические общности и различия между тюркскими и монгольскими языками. Также в исследовательской статье проводится лексико-семантический анализ слов шырай, даруга, курултай, шешен в труде «Шежире-и теракиме». Изучается употребление анализируемых слов в переносном или буквальном смысле, фонетические, морфологические особенности тюркских и монгольских языков. В целях повышения научной значимости статьи приводятся примеры из афоризмов, пословиц и поговорок на тюркском и монгольском языках. В определении этимологии монгольских элементов анализируются научно-теоретические выводы и мнения ученых-альтаистов, тюркологов. Семантический, этимологический анализ языковых единиц, встречающихся в произведении «Шежире-и теракиме», служит основой для определения исторической преемственности между чагатайским письменным языком и казахским языком. Основная цель исследовательской статьи-лексико-семантическая дифференциация и определение этимологии монгольских слов, встречающихся в тексте «Шежире-и теракиме».

Ключевые слова: Шежире-и теракиме, этимология, монголизмы, семантика, лексика, тюркские языки.

K.K. Kenzhalin, D.A. Baltabay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Semantics of Mongolian words found in the work “Shezhire-i terakime”

Abstract. The study of the lexical layer of historical works and poems in the linguistic aspect plays an important role in determining the history of the formation and development of a language. Taking into account this significance, the work of Abulgazy Bahadur Khan “Shezhire-i terakime”, written in the 17th century, was considered as the object of study. During the study, Mongolian elements were analyzed from a comparative historical point of view, semantic commonalities and differences between the Turkic and Mongolian languages were identified. In addition to Turkic and Mongolian elements, Arabic and Persian words are found in its lexical layer. In historical linguistics, scientific views related to the historical formation and the penetration of Mongolisms into the Turkic languages are still being considered at a hypothetical level. The research article also conducts a lexical-semantic analysis of the words *shyrai*, *daruga*, *kurultai*, *sheshen* in the work “Shezhire-i terakime”. The usage of the analyzed words in a figurative or literal sense, phonetic, morphological features of the Turkic and Mongolian languages are studied. In order to increase the scientific significance of the article, examples from aphorisms, proverbs and sayings in the Turkic and Mongolian languages are given. In determining the etymology of Mongolian elements, scientific and theoretical conclusions and opinions of Altaic scientists and Turkologists are analyzed. Semantic, etymological analysis of linguistic units found in the work “Shezhire-i Terakime” serves as the basis for determining the historical continuity between the written Chagatai language and the Kazakh language.

Keywords: Shezhire-i terakime, etymology, Mongolisms, semantics, vocabulary, Turkic languages.

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжалин Қ.К. – PhD, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Балтабай Д.Ә. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kenzhalin K.K. – PhD, Associate Professor L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Baltabay D.A. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).